

**"Қырғыз Республикасымен электр энергиясының тауар айналымы жөніндегі мәміленің бағасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 839 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 30 қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**2016 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қырғыз Республикасымен электр энергиясының тауар айналымы жөніндегі мәміленің бағасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қазандағы № 839 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бір күнтізбелік жыл шеңберінде баламалы көлемде электр энергиясымен өзара алмасу шарттарын сақтаған кезде Қырғыз Республикасы тарапынан "Электр станциялары" ашық акционерлік қоғамы мен Қазақстан Республикасы тарапынан "Қазфосфат", "Жамбыл Жарық Сауда-2030", "Теміржолэнерго" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері арасында жасалатын Қырғыз Республикасымен электр энергиясының тауар айналымы мәмілесінің бағасы 1 (бір) киловатт сағат үшін 0,0000001 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін."

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*